

**С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. АМАНЖОЛОВА**



КЕЛІСІЛДІ / СОГЛАСОВАНО
«АСС Қорған» ЖШС директоры
Нурасылов А.К.
« 02 » 06 2020 ж.

БЕКІТІЛДІ / УТВЕРЖДЕНО
ЖТ-тің Факультеттің кеңесі төрағасы/
Председателя совета факультета ЕНТ
М.Н. Мадияров
(қолы)
Хаттама / Протокол
№ 10 « 19 » 06 2020 ж/г

**ПӘН БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)
ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИНЫ (SYLLABUS)**

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті техникалық реттеу
Оқу пәнінің атауы/наименование учебной дисциплины

**5B073100-«Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік әрекетінің
қауіпсіздігі»**
(БББ атауы және коды/код и название ОП)

Оқу түрі / Форма обучения / күндізгі
(күндізгі / очная, ОБ/СО)

Курс/Курс 3
Семестр/Семестр 5
Кредиттер саны/Количество кредитов 3
Дәрістер/Лекции 20 сағ
Практикалық (семинар) сабақтар/
Практические (семинар) занятия 10 сағ
Зертханалық сабақтар/
Лабораторные занятия 0 сағ
БӨЖ / СРОП 15
БӨЖ / СРС 45
Емтихан / Экзамен 5 семестр

Өскемен, 2020 ж/г.


Құрастырушы / Составитель: Гармашова С.А. к.т.н., преподаватель
Калелова Г.Ж. магистр технических наук, преподаватель
(Оқытушының А.Т.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі /
ФИО преподавателя, ученая степень, ученое звание, должность)

Пән бағдарламасы / Программа дисциплины (Syllabus)

Пәннің оқу-әдістемелік кешені Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» [\(ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 603 бұйрығы\)](#) негізінде жасалған / Учебно-методический комплекс дисциплины разработан на основании типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования (Приказ МОН РК от 31.10.2018 г. № 603) *(жалпы білім беру пәндері үшін / для общеобразовательной дисциплины)*;

Силлабус университет Академиялық кеңесі отырысында бекітілген оқу бағдарламасы негізінде жасалған / Силлабус разработан на основании учебной программы, утверждённой на заседании Академического совета университета Хаттама / Протокол № 04 «21» 04 2020 ж./г. *(базалық және профильдік пәндер үшін / для базовых и профилирующих дисциплин)*

Кафедра отырысында ұсынылған / Рекомендована на заседании кафедры Компьютерного моделирования и информационных технологий Хаттама / Протокол № 10 «03» 06 2020 ж./г.

Кафедра меңгерушісі / Заведующий кафедрой  Дакиева К.Ж.

1. Пән туралы ақпарат

Пәннің атауы Өнеркәсіптік қауіпсіздікті техникалық реттеу	Пәннің коды ОКТР-3305	Кредит саны 3	Курс, семестр 3, 5
Мамандық атауы Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау	Мамандық шифрі 5B073100	Кафедра Экология және география	Факультет Жаратылыстану және технологиялар
Оқу түрі (іштей, сырттай), (ОКБ, ЖБ) Іштей	Оқыту тілі қазақ		
Пәнді оқыту орны мен уақыты 5 семестр, 4 оқу ғимараты			
Кеңес беру уақыты сабақ кестесі бойынша			
Рейтинг кестесі (семестр аптасы) 7, 15 апта			
Кафедра доценті, к.т.н, Гармашова С.А., оқытушылар:Калелова Г.Ж.	Жұмыс телефоны 78-20-48; ұялы телефоны 87787077748, e-mail ecology-2018@mail.ru		

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы.

Мақсаты: Студенттерге ҚР еңбекті қорғау бойынша құқықтық, басқа да нормативті-құқықтық актілері мен нормативті-техникалық құжаттары бойынша міндетті білімдерін бекіту, сонымен бірге заңды нормалардың талаптарына сәйкес құқықтық мәдениетті болуға тәрбиелеу болып табылады.

Міндеті: ҚР құқықтық реттеудің негізі. ҚР Еңбек Кодексі. Бақытсыз жағдайларды тергеу және есепке алу. ҚР еңбек заңдарының сақталуын бақылау. Біліктілікті арттыру және кәсіби дайындау. «Өрт қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы. «Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» ҚР Заңы. Кәсіпорында еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жұмыс орынын ұйымдастыру және қауіпсіздік бойынша жұмыстар жүргізу. Тіршілік қауіпсіздігі бойынша шараларды жоспарлау

Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы:

1. тіршілік ету қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды, төтенше жағдайларда қорғауды жүзеге асыруға арналған технологиялық жүйелерді, желілер мен жабдықтарды пайдалану;
2. инновациялық технологиялар мен қолданбалы бағдарламаларды қолдана отырып тәжірибелік және зертханалық зерттеулерді орындау, алынған нәтижелерді интерпретациялау;
3. өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік бойынша жобалық инновациялық шешімдер әзірлеу;

4. табиғат және еңбек қорғау құралдары мен құтқару техникасының пайдаланылуына, еңбекті қорғау нормаларының, қағидалары мен стандарттарының сақталуына бақылау жүргізу;
5. кәсіпорындардың, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық және өзге де қызметіне сараптама және аудит жүргізу, адам және қоршаған орта үшін қауіпсіздік тұрғысынан сараптама объектісін іске асыруға жол беруге баға беру;

Пән мамандандырылған, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

3. Пәннің пререквизиттері:

Физика, химия, химиялық талдау, мамандыққа кіріспе, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздері, құқық негіздері

4. Пәннің постреквизиттері - Техника мен технология қауіпсіздігі, химиялық және биологиялық қауіпсіздік негіздері, радиациялық қауіпсіздік негіздері, экологиялық қауіп-қатерді талдау негіздері

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыптарының атауы	апта	Сабақ түрі бойынша аудиторлық сағат саны		Сабақ түрі бойынша аудиторлық емес сағат саны		Барлығы (с.)
			Дәріс (с.)	Пр/сем./зертх-к./студ (с.)	БООЖ (с)	БӨЖ (с)	
1	Техникалық реттеу. Жалпы ережелер	1	1	0,66	1	3	
2	Ұйымдастыру-техникалық талаптар	2	2	0,66	1	3	
3	Жобалау бойынша жалпы талаптар	3	1	0,66	1	3	
4	Объектілерді салу және іске қосу жөніндегі жалпы талаптар	4	1	0,66	1	3	
5	Жабдықтар мен құбыржолдарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі негізгі талаптар	5	1	0,66	1	3	
6	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	6	1	0,66	1	3	
7	Объектілер аумағын қауіпсіз ұстау санитарлық-гигиеналық жағдайлар	7	2	0,66	1	3	
8	ҰСЫНЫМДАР	8	2	0,66	1	3	

	ықтимал аварияларды жою жоспарын (ПЛВА) жасау бойынша) жарылу объектісі						
9	Нормативтер қажетті анықтамалар алғашқы өрт сөндіру құралдарының саны	9	2	0,66	1	3	
10	Қоршаған ортаны қорғау	10	2	0,66	1	3	
11	Өрт қауіпсіздігі	11	1	0,66	1	3	
12	Объектілерге қойылатын Жалпы талаптар	12	1	0,66	1	3	
13	Ауа ортасын бақылау	13	1	0,66	1	3	
14	Персоналға қойылатын талаптар және қорғау құралдары	14	1	0,66	1	3	
15	Тізім нормативтік құқықтық актілерді, құжаттар мен стандарттарды Қазақстан Республикасында мұнай операцияларын жүргізу кезінде қолданылатын	15	1	0,66	1	3	
Барлығы			20	10	25	45	100

6. Дәріс сабақтарының мазмұны

Тақырып 1 Қоршаған ортаның сапасын нормалауды мемлекеттік-құқықтық реттеу

Реттеу ұғымы латынның regula-норма, ереже және немістің regulieren-реттеу, тұрақтылықты сақтау деген сөздерінен шыққан. Нарықтық экономиканы қалыптастыру барысында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік-құқықтық реттеу өзінің жетекшілік рөлін сақтауы тиіс

Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеудің арасында мазмұндық жағынан ешқандай айырмашылықтар жоқ. Мұнда сөз мемлекеттің экономикалық және өзге де процестерге қатысуының аралық салмағы төңірегінде болуы мүмкін

Әдебиеттер [1], [2].

Тақырып 2. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын шаралар

Кіріспе нұсқау жұмысты қауіпсіз жүргізу үшін-барлық жұмысшылармен өткізіледі, олардың біліміне,стажына,лауазымына,кәсібіне байланыссыз;уақытша жұмысқа алынған,оқу орындарында, зертханаларда,шеберханаларда,полигонда әсіресе лабораториалық және практикалық жұмыстарды өткізу алдында.

Әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 3. Жазатайым жағдайларды тексеру және есепке алу

Жұмысқа байланысты сәтсіз оқиғалар қалай бөлінеді:

- жұмыс орнында,
- жұмысқа бара жатқан және жұмыстан қайтқан жолда.

Еңбек әрекетімен байланысты жұмысшылар денсаулығының әртүрлі жарақаттар алу және уақытша бір күндік және одан да көп мерзімде зақымдалуы және қаза болуы, сәтсіз жағдай деп қарастырылады және Н-1 форма бойынша актімен тіркеледі. Акт 3 данамен тіркеледі және архивте 45 жыл аралығында сақталынады. Бір данасын жарақат алушыға, екіншісін жұмыс берушіге, үшіншісін инспекторға береді. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 4. ӨРТ қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі - бұл еңбекті қорғаудың бір бөлімі, мұнда өрттің пайда болуының алдын-ала жою шарттарын үйретеді, бір сөзбен айтқанда адамдардың жалпы және мемлекеттік мүліктердің және жеке заттарының, өрттен қорғайтын мүмкіндігі. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 5. Микроклимат параметрлеріну.Өндірістік санитария

Қауіптілік – бұл материяның өзіне, адамдарға, табиғи орта мен материалдық құндылықтарға зиян келтіруге қабілетті тірі және өлі материяның негативті қасиеті. Басқаша айтсақ, қауіптілік дегеніміз белгілі бір жағдайларда адам денсаулығына тікелей немесе жанама зиян келтіруге, яғни жарақаттануға, ауруға, көңіл күйінің нашарлауына және басқа да әртүрлі қажетсіз салдарларға әкелуге қабілетті құбылыстар, үрдістер мен нысандар.

Қауіптілік энергия, зат және ақпарат ағымдары түрінде жүзеге асырылады, олар уақыт және кеңістік бойынша өмір сүреді. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 6. "Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі" кәсіби стандартын бекіту туралы

Өрт автоматикасы мен өрт сөндіру құралдарының, өртке қарсы сумен жабдықтау және түтінді жою жүйелерінің, өрт, авариялар немесе дүлей зілзалалар кезінде адамдарды құлақтандыру қондырғысының техникалық жай-күйін тексеру.

Тақырып 7. Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау

Соңғы жылдары жұмыс берушілер мен кәсіподақ өкілдерінің Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп жұмыс істеуі елде әрекет ететін әлеуметтік

әріптестік институтының құрылуына себепші болды. Оның дамуына қатысты басым бағыттар ретінде әлеуметтік-еңбек қатынастарымен, еңбекті қорғаумен және денсаулықты сақтаумен, сондай-ақ еңбекшілердің әлеуметтік қорғаумен әрі оларға әлеуметтік кепілдік берумен байланысты мәселелер анықталды. Осының арқасында республикада еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеудің көп деңгейлі жүйесінің іргесі қаланды: «мемлекет-сала- аймақ- кәсіпорын». *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 8 Кәсіпорындағы еңбек қорғауды басқару

Еңбекті қорғау мәселелері еңбек ұжымдарының, өндірісті басқаруды ұйымдастырудың көптеген жақтарына қатысты болғандықтан, көпжоспарлы сипатқа ие. Жаңа, қауіпсіз және адамға зиянды әсері жоқ техника мен технологиялар құру еңбекті қорғау мәселелеріне жүйелі, комплексті түрде қарауды қажет етеді.

Әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 9. Экологиялық құқық

Экологиялық құқықтың теориялық және әдістемелік салаларының негізгі тіректерінің бірі *ұғымдар* мен *санаттар* болып табылады. Мысалы экологиялық құқық негіздерімен оқып танысу барысында «экология», «қоршаған ортаны қорғау», «табиғи ресурстар», «табиғат пайдалану» т.б. осы сияқты атауларды кездестіруге болады. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 10. Экологиялық заңдар.

Экологиялық құқықтың нормативтік актілердің ішінде халықаралық құқықтық нормативті актілер ерекше орын алады. Олар Қазақстан Республикасы заңдарынан жоғары . *Қазақстан Республикасы Конституциясының* 4-бабы 3-тармағында «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдау үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» делінген. *Қазақстан Республикасының Конституциясының* 31-бабы 1-тармағы: «Мемлекеттік адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды».

Тақырып 11. Жалпы табиғат ресурстарының құқықтық режимнің ұғымы

Табиғат ресурстарының құқықтық режимі деп жер, жер қойнауы, су, т.б. табиғат ресурстарын жеке меншік, пайдалану және қорғау объектісі ретіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық әдістер мен шараларының жиынтығын айтамыз.

Әдебиеттер 1,2,3,4

ШҚМУ ЕУ 027-19-03

Тақырып 12. Энергияның экологиялық құқықтық реттеуде алатын орны мен мәні

Соңғы жылдары әлемдік қауымдастық лидерлері адамзат алдында тұрған энергетикалық және соған байланысты өзге күрделі мәселелерді шешу әдістерінің интеграциясының қажеттігін түсіне бастады. Ол энергияның қоғамдағы маңыздылығының көрінісі. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 13. Табиғат ресурстарын кешенді пайдалану және бағалау

Аймақтық табиғатты пайдалану экологиялық теңгерілгендік принципіне бағыну керек, ол материалдық өндірістің белгілі территорияда орналасуы мен дамуының оның экономикалық төзімділігіне сәйкес жүзеге асырылуы керектігін білдіреді. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 14. Еңбек қорғау бойынша негізгі заңды актілер мен нормативтік құжаттар

Еңбек - адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі;

еңбек қатынастары - тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар;

жұмыс берушінің актілері - жұмыс берушінің (жұмыс берушілер өкілінің) шығаратын актілері (бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері);

жеке еңбек шарты - қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім, ол бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. *Әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 15. Төтенше жағдайлардағы психологиялық аспектілер

ТЖ психологиясы – бұл ТЖ аймағында зардап шеккендерге, жалпы тұрғындарға арнайы көмекті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру, сонымен қатар зілзаланың психологиялық, психиатриялық зардаптарын шеттеу шаралары болып табылады.

Әдебиеттер 1,2,3,4

7. Практикалық (семинарлық) сабақтар мазмұны

Тақырып 1. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын шаралар.

Мақсаты: Еңбек қорғау жағдайын бақылау.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Кәсіпорындары, олардың цехтары, учаскелері мен жұмыс орындары деңгейінде еңбек қорғау жағдайын қоғамдық бақылауды кім жүргізеді:

2. Әр түрлі жұмыстар мен кәсіпкерлік үшін техника қауіпсіздігі бойынша ведомствалық деңгейде типтік нұсқамалар және кәсіпорындарында жергілікті нұсқамалар қандай мөлшерлік-құқықтық құжаттар негізінде жасалады:

3. Жұмысқа қабылданғаннан кейін қандай мерзімде жұмыскерлерге еңбек қорғау бойынша курстық оқытуды жүргізудің қамтамасыз етілуі міндетті?

4. Еңбек қауіпсіздігінің талаптарын бұзуына байланысты лауазымды адамдардың жауапкершіліктері.

Тапсырмалар: Еңбекті қорғау бойынша заңды бұзуына байланысты, жауапкершіліктің түрлерін қарастыру.

Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 2 Еңбекті қорғаудың” нормативті-құқықтық және ұйымдық негіздері.

Мақсаты: Еңбек қорғаудың ережелері мен нормалары олардың қолдану шеңберін қарастыру.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Еңбек қорғаудың ережелері мен нормалары олардың қолдану шеңбері бойынша қалай бөлінеді.

2. "Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесінің мемлекеттік стандарттары"(ЕҚСЖС);

3. Мемлекеттік санитарлы – эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (санитарлы ережелер, гигиеналық нормативтер, санитарлы ережелер мен

нормалар, СанЕмН, санитарлы нормалар);

Тақырып 3 Еңбекті қорғаудың” нормативті-құқықтық және ұйымдық негіздерін талдау

- Құрылыстық нормалар мен ережелер (ҚНМИ), құрылыс және жобалау бойынша ережелер жиыны;

- Еңбекті қорғау боцынша сала аралық ережелер,

- "Еңбекті қорғау" бойынша сала арлық типтік нұсқаулама;

- Тапсырмалар: 03.04.02 жылғы "Қауіпті өндірістік объектілердегі, өндірістік қауіпсіздік туралы "ҚР заңы.

. Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 4 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Олардың жіктелуі

Мақсаты: Өндірістік зиянды және қауіпті факторларға анықтама беру, оларды ескеру бойынша іс-шараларды қарастыру.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Зиянды, улы газдармен уланған кездегі дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету.
2. Ауадағы зиянды улы газдарды есептеу әдістемесі.
3. Зиянды улы газдарды есептеу әдістемесі.
4. Өндірістік зиянды және қауіпті факторларға анықтама беріңіздер ?

Тақырып 5 Олардың жіктелуі

1. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың кері әсерлері қандай салдарға әкеліп соқтырады?

Тапсырмалар: Өндірістік зиянды және қауіпті факторлар; оларды ескеру бойынша іс-шаралар.

Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 6. Микроклимат параметрлерін нормалау. Өндірістік эстетика.

Мақсаты: Ғимараттардағы микроклиматты анықтау.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Барлық өндірістік санитарлық нормалар.
2. Микроклимат қандай көрсеткіштермен анықталады ?
3. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы және қозғалыс жылдамдығы қандай аспаппен өлшенеді?

Тақырып 7 Өндірістік эстетика.

1. Өндірістік шаңдар мен газдардың зияндылығы қандай гигиеналық параметрлермен бағаланады?

2. Жұмыс орындары ауасында шаңның концентрациясын анықтау әдістерін көрсетіңіз.

Тапсырмалар: Өндірістік бөлмелердің ауа-райының (шағынклиматының) параметрлері. Өлшеу әдістері қандай ?

Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 8. Зертханаларда, ұстаханаларда және цехтарда оқушылардың еңбегін қорғау.

Мақсаты: 1. Техника қауіпсіздігінің жалпы ережелері.

2. Жұмыс орындарын жарықтандыру түрлері.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Ғимараттардағы жарықтандыруды есептеу.
2. Өндірістік ғимараттардағы жарықты есептеу әдісі.
3. Өндірістік ғимараттардың жарық түсетін ойықтарының ауданы қандай болуы қажет?

Тақырып 8. Жұмыс орындарын табиғи және жасанды жарықтандыру

1. Радиоактивтік сәулеленуден қорғаудың негізгі әдістері.

Тапсырмалар: Жарықты анықтау аспаптарымен танысу .

Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4

Тақырып 9. Ауаны желдету.. Желдету жабдықтары

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Өндіріс ғимараттарын желдетуді есептеу әдістемесі.

Тақырып 10. Желдету түрлері

1. Желдеткіш аспаптармен танысу.

Тапсырмалар: Желдетудің ұйымдастырылу түрлері.

2.7 Орташа желдің бағыты а азимутпен көрсетіледі. Азимут градуспен өлшенеді.

Тақырып 11. Желдету жабдықтары

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Өндіріс ғимараттарын желдетуді есептеу әдістемесі.*Қосымша әдебиеттер 1,2,3,4*

Тақырып 12. Еңбек заңдары

Еңбек заңдары еңбекті қорғаудағы ұлттық саясат пен мемлекеттік басқару қағидаттарын белгілеуін

Тақырып 13. Еңбек жағдайындағы қауіпсіздік

Еңбек жағдайының қауіпсіздігін және салауаттылығын қамтамасыз ету проблемасымен еңбек қорғау қызметі

Тақырып 14. Мемлекеттік саясат

Мемлекеттік саясат қауіпсіздік және еңбекті сақтау аймағына бағытталады

Тақырып 15. Қауіпсіздік түрлері

Қауіпсіздік және еңбек қорғау аймағының негізгі принциптері.

8. БӨЖ мен БОӨЖ бойынша тапсырма

№	Сабақтар атауы	БӨЖ тапсырмалары	Тапсырмаларды бақылау және мазмұны
1	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі ұғымы	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі ұғымы	Еңбек заңдары еңбекті қорғаудағы ұлттық саясат пен мемлекеттік басқару қағидаттарын белгілеуін

2	Еңбек қорғау және өмір тіршілік қауіпсіздігіне жалпылама түсініктеме.	Еңбек қорғау пәнінің бөлімдері Қауіпті өндірістік факторлар Зиянды өндірістік факторлар	Еңбек жағдайының қауіпсіздігін және салауаттылығын қамтамасыз ету проблемасымен еңбек қорғау қызметі
3	Қауіпсіздік және еңбек қорғау аймағының негізгі принциптері.	Еңбекті қорғаудың құрамдас бөліктері еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі тиіс құралдар мен шаралар.	принциптерді басшылыққа алып еңбек ұйымдастырылса оның қауіптілігі азаяды.
4	Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Еңбекті қорғау заңдарын бұзған тұлғалардың жауапкершілігі	Мемлекеттік саясат қауіпсіздік және еңбекті сақтау аймағына бағытталады .	Еңбекті қорғау басқару ҚР үкіметімен және арнап даярланған мемлекеттік мекемелер және оның жергілікті шағын бөліктері өткізеді
5	Қызметкердің жеке деректерін қорғау	Өндірістегі қайғылы оқиға. Қауіпсіздік нормалары. Өндірістік санитария	зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын ұйымдастыру
6	Метеорологиялық факторлардың адамның функционалдық әрекетіне, денсаулығына әсерін ұғындыру		Өндірістік ортаның метеорологиялық жағдайы деп ауаның температурасы, дымқылдығы, қозғалыс жылдамдығы арқылы қалыптасатын физикалық күйін айтады
7	Өндіріс жұмыс орындарына еңбек етуге қолайлы, қауіпсіз жағдайлар жасау үшін қажетті жарықтылықты қамтамасыз ету	Жергілікті жарық. Қауіпсіздік нормалары. Жасанды жарық	қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны;
8	Өндірісте адам ағзасына шу мен дірілдің зиянды әсерін тигізбеу шараларын ұғыну	еңбек жағдайлары Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативте.	қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз әсерінің алдын алу шаралар мен құралдар

9	Мұнай және газ жабдықтарын монтаждау мен пайдалану кездегі қауіпсіздік шаралары, талаптарын ұғыну.	Қауіпсіздік нормалары Қауіпті өндірістік фактор	қызметкер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі
10	Электр тогы немесе электр доғасының әсерінен пайда болатын электр тоғынан қорғану шараларын ұғыну	электр зақымы дегеніміз Термиялық әсер. Механикалық әсер	еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шараларкешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің қорғалу
11	ҚР аумағындағы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стандарттармен танысу.	Техника қауіпсіздігі Өндірістік қауіпті фактор Еңбекті қорғау ережелері	бұл адамға әсер ететін қауіпті өндірістік факторларды болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық шаралары мен техникалық
12	Өрт сөндіру құралдары мен әдістерін, мекемелерді өрттен сақтандыруды ұйымдастыруды ұғындыру.	Тұтану температурасы. Өрт қауіпсіздігі негіздері. Шамадан тыс жүктелудегі өрт қауіптілігі	адамның төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасымен қауіпсіз қарым-қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен

9. Бағалау саясаты

Ағымдағы академиялық көрсеткіштердің бірінші және екінші рейтингін анықтаудағы ұпайларды бөлу

№	Жұмыстың түрі	Баға (max балл)
Рейтинг 1		
1	Дәрістер (барлық оқу кезеңінде мәселелерді талқылауға белсенді қатысу + конспекттер)	100
2	Тәжірибелік / зертханалық жұмыс	100
3	Берілген тақырып бойынша проблемаларды шешу	100
4	Эссе жазу	100
5	Коллоквиум	100
6	Бақылау жұмысы	100
Итого		500

S_n - 1 рейтинг тапсырмалардың барлық түрлерінің жалпы саны және n - 1 рейтинг тапсырмалардың жалпы саны		
$P_1 = \frac{S_n}{n}$		
Рейтинг 2		
1	Дәрістер (барлық оқу кезеңінде мәселелерді талқылауға белсенді қатысу + конспекттер)	100
2	Тәжірибелік / зертханалық жұмыс	100
3	Защита докладов или рефератов	100
4	Берілген тақырып бойынша проблемаларды шешу	100
5	Презентация, слайд құрастыру	100
6	Эссе жазу	100
7	Коллоквиум	100
8	Бақылау жұмысы	100
Итого		800
$S_m = O_1 + O_2 + \dots + O_m$, S_m - 2 рейтинг тапсырмалардың барлық түрлерінің жалпы саны және m - 2 рейтинг тапсырмалардың жалпы саны		
$P_2 = \frac{S_m}{m}$		
Ағымдағы және шекаралық бақылау үлгілерін есептеу		
$O_{итог} = \frac{P_1 + P_2}{2} * 0,6 + Э * 0,4$		
Емтихан		100

Емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы академиялық кезең бойынша алынған барлық ағымдық және аралық бақылаулар бағасы қосындысының орташа арифметикалық мәні болып табылады:

$$ЖР = (АБ_1 + АБ_2 + АБ_3 + \dots + АБ_n + АрБ_1 + АрБ_2) / (n+2),$$

мұндағы ЖР – емтиханға жіберу рейтингісі; АБ – ағымдық бақылау; АрБ – аралық бақылау; n – ағымдық бақылаулар саны; 2 – аралық бақылаулар саны.

Пән бойынша қорытынды бақылауға пән бағдарламасының барлық талаптарын орындаған (барлық практикалық (семинарлық, зертханалық) жұмыстарды және БОӨЖ, БӨЖ бойынша тапсырмаларды орындаған және тапсырған), емтиханға жіберу рейтингісін (50 баллдан кем емес) жинаған білім алушы жіберіледі. Пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісі оң баға болмаса (50 баллдан кем емес) білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша қорытынды баға автоматты түрде төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$Қ = (P_1 + P_2) / 2 * 0,6 + емтихан бағасы * 0,4,$$

мұндағы P_1 – бірінші аралық бақылау бағасы; P_2 – екінші аралық бақылау бағасы.

Пән бойынша қорытынды баға білім алушы тек емтиханға жіберу рейтингісі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң баға (50 баллдан кем емес) алған жағдайда есептеледі. Қандай да бір дәлелді немесе дәлелсіз себептермен қорытынды бақылауға келмеген жағдайда «Емтихан бағасы» бағанасына «0» (нөл) қойылады. Пән бойынша аралық аттестация нәтижелері білім алушыға сол күні хабарланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт баллдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	Баллдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

10. Оқытушы талабы, саясаты мен тәртібі / Требования преподавателя, политика и процедуры *(оқыту тілінде таңдап алу / выбрать на языке обучения)*

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау саясаты академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік пен адалдық, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделген.

Бірінші сабақта мұғалім студенттерге пәннің жұмыс оқу жоспары (силлабусы), академиялық пәннің жоспарланған оқу нәтижелері және оларды бағалау тәртібі туралы таныстырады.

Академиялық әділетсіздік байқалған жағдайда ЖОО білім алушылары тарапынан:

- аудиториядағы және аудиториядан тыс сабақтар кезінде: бірінші жол берілген тәртіп бұзғаннан кейін құрылған комиссия білім алушылармен әңгімелесу өткізеді; актіде шығарылған ескерту және қабылданатын шара (бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету; білім алушының жазбаша жұмысын жою, бақылау іс-шарасын қайта өткізуге ұсыныс және т.б.) тіркеледі. Академиялық адалдық фактілеріне қайта жол берілген жағдайда оқу жылы ішінде қайта комиссия құрылады, акт жасалады және одан әрі шешімдер қабылдау үшін тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңеске (бұдан әрі – ТСЖҚК) беріледі;

- аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде: Академиялық әділетсіздік көрсеткен білім алушы сол академиялық кезеңде емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан ведомосына «Академиялық әділетсіздік танытқаны үшін емтиханнан алынды» деген жазба жазылады, оның түрі көрсетіледі. Емтиханды қайта тапсыру жазғы семестрде немесе келесі академиялық семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін

орындайды және емтихан тапсырады. Емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) білім алушы ШҚМУ-ға қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

Білім алушының барлық аудиториялық сабақтарға кешікпей, сабаққа қатысуы міндетті болып табылады. Сабақтан қалған жағдайда деканатта тағайындалған тәртіппен өтелінеді.

Берілген курстың білім алушылар контингентіне кірмейтін бөгде адамдардың дәріске қатысуына тыйым салынады.

Жұмысты көрсетілген мерзімде тапсыру қажет. Барлық тапсырмаларды тапсырудың соңғы мерзімі емтихан сессиясына 5 күн қалғанға дейін беріледі.

Әрбір оқу сабағы бойынша тақырыпты қайталау мен өтілген материалды өтеу міндетті. Оқу материалының меңгерілу дәрежесі жазбаша жұмыстармен немесе тестпен тексеріледі білім алушыларды тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысын (БӨӨЖ) орындау кезінде келесі негізгі функциялар ескеріледі:

- бірінші – оқу пәні бойынша бағыттау-бағдарлау сабақтары кезінде оқытушы берген ақпаратты студенттердің белсенді қабылдауын іске асыруды көздейді;

- екінші - оқытушының ұсынымы негізінде студенттердің өздігінен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау, курстық жұмыстарды және т.б. орындауын көздейді.

Бұл кезеңде студенттерден жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі;

- Білім алушының үшінші функциясы – өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау.

Білім алушы шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне айналдырады (оларды саралайды, реттейді, ресімдейді), бұл сұрақтарға өз жауаптарының нұсқаларын дайындайды;

- Білім алушының төртінші функциясы түсініктеме, ақыл-кеңес, консультация алу үшін оқытушымен сұхбаттасуын білдіреді.

11.Қорытынды бақылау

- 1.“Еңбек қорғау” курсы қандай бөлімдерден тұрады?
2. Еңбек қорғау жөніндегі нормалар мен стандарттарды, ережелерді қайтадан қарастыру кезеңділігін, сонымен қатар техника қауіпсіздігі бойынша нұсқауларды атаңыз
3. Үш сатылы ведомствалық-қоғамдық бақылау кезіндегі, кәсіпорын цехтарындағы, учаскелерін және жұмыс орнындағы еңбек қорғаудың жағдайын бақылаудың кезеңділігі қандай?
4. Физикалық зиянды өндірістік факторлары
5. Жұмысқа байланысты сәтсіз оқиғалар қалай бөлінеді?
6. Өндірістік жарақаттың талдау әдісі қандай?
7. Жұмысқа қабылданғаннан кейін қандай мерзімде жұмыскерлерге еңбек қорғау бойынша курстық оқытуды жүргізудің қамтамасыз етілуі міндетті?
8. Кәсіпорындарда еңбек қорғаудың жағдайын жақсарту шаралары бойынша қандай жоспарлар жасалынады ?

9. Кәсіпорындар мен өндірістердің санитарлық- қорғағыш алаңдарының өлшемдеріне сәйкес қандай санитарлық класстары бар?
10. Өндірістік ғимараттардың жарық түсетін ойықтарының ауданы қандай болуы қажет?
11. Өндірістік бөлмелердің ауа-райының (шағынклиматының) параметрлері қандай ?
12. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы және қозғалыс жылдамдығы қандай аспаппен өлшенеді?
13. Өндірістік шаңдар мен газдардың зияндылығы қандай гигиеналық параметрлермен бағаланады?
14. Бөлмеге аэрацияны қолдану қандай факторлардың болуы кезінде тиімдірек?
15. Дыбыстың негізгі параметрлері қандай
16. Шу мен дірілдің мөлшерлену параметрлерін көрсетіңіз
17. Өндірістік бөлмелерде шудың деңгейі қай жерлерде өлшенеді?
18. Радиоактивтік сәулеленудің сандық бағалануы үшін қандай сипаттамаларды қолданады?
19. Жасанды жарықтаманы мөлшерлеу кезінде қандай факторлар ескеріледі?
20. Әрбір жұмыс орнындарында жарықтандыру қандай мерзім ішінде өлшенілуі керек?
21. Қандай бөлмелер дымқыл деп айтылады?
22. ГОСТ 12.4.125-83 бойынша жұмыс жасаушыларды коллективтік қорғаудың техникалық құралдарын атаңыз
23. Жүк қармауыш құрылғылар мен тараларды байқау мерзімдері қандай?
24. 18 және одан да үлкен жастағы әйелдерге қандай шектегі жүкті тасымалдауға болады?
25. Адамның электр тоғымен зақымдануының түрлерін атаңыз?
26. Электр тоғы адамға әсер ету шамасы бойынша қалай бөлінеді?
27. Қорғағыш жерлеме қандай электр тораптарында қолданылады ?
28. Жарылысқауіпті бөлмелерде қорғағыш жерлеме қандай жағдайларда қажетті?
29. Кәсіпорындарда (мекемелерде) ережелер мен нормаларға сәйкес, өртке қарсы қандай шаралар қолданылады?
30. Жанғыш заттардың топтарын айтыңыз
- 31 Электр жабдығының тоқ жүрмейтін бөліктерінде, қорғағыш жерлемені не үшін қолданады?
- 32.Қорғағыш жерлеме қандай электр тораптарында қолданылады?
33. 1000 В дейінгі кернеулі электрқондырғыларына арналған қорғағыш жерлеменің кедергісі қандай шамада болуы керек?
34. Жерлеме қондырғылары жағдайын қалай бақылайды?
35. Қорғағыш нөлдеменің соңғы мақсаты неде?
36. Жерлеме нейтральды тораптағы 1000В дейінгі кернеулі электр қондырғысы үшін жерлеме құрылғылары кедергісінің шамасы қандай болуы керек?

12. Әдебиеттер тізімі /Список литературы

Негізгі әдебиеттер/ основная:

- 1.Петров И.В. Эклогическая политика. [http:// www.viking.ru](http://www.viking.ru)
- 2.Алехин А.П. Административное право Российской Федерации. – М.: Норма, 1997. – 516 б.

3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы: Интерлигал, 2005. – 395 б.
4. Күлтелеев С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы: НАС, 2003. – 328 б.
5. Петров В. Экологиялық құқық. – М.: Норма-Принт. – 1995, 197 б.
6. Қазақстан Республикасы. 2007 ж. 9-қаңтарда қабылданған Заң. – №320-111 ҚРЗ. Экологиялық кодекс. – Астана: Ақорда, 2007. – 163 б.
7. Сулейменов Р.Қ. Экологиялық нормалау мәселелері // Заң газеті. 2006. – №43, 36
8. Мұнай және газ өнеркәсібі. Теңіз кенорындарынан өндіруге арналған қондырғылар. Төтенше жағдайларды жоюға арналған талаптар мен басшылық нұсқаулар: Ресми басылым.- Астана, 2012.- (ҚР мемлекеттік стандарты)
9. Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері [Мәтін].- Алматы, 2011.- 68б
10. Өрт сөндірушінің оқшаулауыш арнайы қорғану киімі: Ресми басылым.- Астана, 2006.- (Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты)

Қосымша әдебиеттер / дополнительная:

1. Қазақстан Республикасы. 2007 ж. 9-қаңтарда қабылданған Заң. – №320-111 ҚРЗ. Экологиялық кодекс. – Астана: Ақорда, 2007. – 163 б.
2. Сулейменов Р.Қ. Экологиялық нормалау мәселелері // Заң газеті. 2006. – №43, 36
3. Мұнай және газ өнеркәсібі. Теңіз кенорындарынан өндіруге арналған қондырғылар. Төтенше жағдайларды жоюға арналған талаптар мен басшылық нұсқаулар: Ресми басылым.- Астана, 2012.- (ҚР мемлекеттік стандарты)
4. Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері [Мәтін].- Алматы, 2011.- 68б
5. Өрт сөндірушінің оқшаулауыш арнайы қорғану киімі: Ресми басылым.- Астана, 2006.- (Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты)

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Санитарно-эпидемиологические требования к обеспечению радиационной безопасности: гигиенические нормативы РК [утверждены постановлением Правительства Республики Казахстан 3 февраля 2012г №201] //Казахстанская правда – 2012- 15и 20 марта.

Интернет-көздері / Интернет источники

1. www. ecology. com
2. www. globalecology. net